Алматыда бизнесті және инвестицияларды қорғау жобасы іске асырылып жатыр

Бүгін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары Таумұрат Данияр сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеудегі әлеуметтік нысан құрылысының барысымен танысты.

Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы бойынша департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен 2018 жылдан бастап "Қазақ Инвест" ҰК акционерлік қоғамы және "Атамекен" ҰКП-мен бірлесіп "Бизнес пен Инвестицияларды қорғау" жобасын іске асырып жатыр.

Жобаның негізгі мақсаты – қолайлы инвестиция ахуалын нығайту, кәсіпкерлер кездесетін барлық процесті сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу арқылы бизнес пен инвесторлардың мемлекеттік органдарға сенімін арттыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
Фото: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы бойынша департаментінің баспасөз қызметі
Бүгінде Алматы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуімен жалпы инвестиция сомасы 200 миллиард теңгеден астам 35 бизнес-жоба жүзеге асырылып жатыр.

Бірнеше ірі инвестор "Protecting Business and Investments" жобасы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы келісімге қосылу туралы шешім қабылдады.

Олардың арасында Түрксіб ауданында 590 адамға арналған мектеп салу жобасын жүзеге асырып жатқан "Ботагөз" ЖШС сияқты отандық кәсіпкерлер де бар. Бұл ауданда жаңа мектептер қажет болғандықтан, әлеуметтік жоба Түрксіб ауданының тұрғындары үшін өте қажет.

Жобаны іске асыру барысында "Ботагөз" ЖШС мектеп құрылысына рұқсат беру құжаттарын келісу сатысында бірқатар проблемаға тап болды.

Осы мәселелерді шешу мақсатында "Protecting business and investments" жобалық кеңсесінің қызметкерлері тұрақты негізде заң консультацияларын және уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс кездесулерін ұйымдастырды.

Сонымен бірге жобалық кеңсенің қызметкерлері қоғамдық тыңдауларға, кездесулерге, мектепті жобалау және салу жөніндегі комиссияның отырыстарына және т. б. іс-шараларға тікелей қатысты.

Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр, әлеуметтік нысанды пайдалануға беру мерзімі ағымдағы жылдың шілде айына жоспарланып отыр.

Алматыда комплаенсті бизнесте алға жылжыту бойынша халықаралық онлайн-кездесу өтті

Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Комплаенс бақылауды дамыту орталығымен бірлесіп бизнес-секторда комплаенсті енгізу және ілгерілету бойынша халықаралық веб-конференция өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы бойынша департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, конференцияға Қазақстан, Ресей және Армениянның бизнес өкілдері қатысты.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің өзектілігі мен маңызы заңнама деңгейінде айқындалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс көп квазимемлекеттік және жеке секторда жүзеге асырылып жатыр.

Компаниялар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес коммерция тұрғысыннан орынды, өйткені ол бизнес үшін беделге және қаржылық шығындарға нұқсан келтіреді.

Конференция барысында Алматының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Данияр Таумұрат бизнес секторында комплаенс-қызметтер институтын енгізудің маңыздылығын айтты.

Отандық кәсіпорындардың әлемдік нарыққа шығуы және шетелдік компаниялардың келісімшарт жасасуға мүдделілігі олардың компанияға және елге деген сеніміне тікелей байланысты. Яғни, компанияда дұрыс құрылған комплаенс бақылауы бизнесті құруда саналы тәсілі. Оның мақсаты ішкі және сыртқы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы тұруға бағытталған, – деді Данияр Таумұрат.

Аталған конференция комплаенсті одан әрі жетілдіру бойынша халықаралық сарапшылармен озық тәжірибе алмасу үшін ашық алаңға айналды.

Мемлекеттік қызметкерге сыйлық алғаны үшін салынатын айыппұл сомасы артты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы департаменті басшысының бірінші орынбасары Данияр Таумұрат Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексіне енгізілген өзгерістер туралы айтты. Енді шенеуніктер құны 2 АЕК-ге тең сыйлық алғаны үшін 1,8 миллион теңге айыппұл төлеуі мүмкін.

Автор:
Бәрі бар
07.04.2021

Бұл туралы Алматыдағы Antikor орталығында өткен брифингіде айтылды.
Кеше Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу бойынша құзіретті бекітетін Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексіне енгізілген өзгерістер қолданысқа енді. Ол Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы қызметке 15-бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру құқығы берілген, – деді Данияр Таумұрат.

Данияр Таумұраттың айтуынша, олардың ішінде Кодекстің алты сыбайлас жемқорлық бабы (ӘҚБтК-нің 676-681-баптары), кәсіпкерлік қызмет саласындағы екі құрам (ӘҚБтК-нің 154, 173-баптары), мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын және әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізу кезіндегі бұзушылықтарға байланысты жеті құқық бұзушылық (ӘҚБтК-нің 658-662, 665, 667-баптары) бар.

Сонымен бірге Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Тергеу басқармасының басшысы Рүстем Тайтулеев әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың нақты құрамы, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген немесе оған теңестірілген тұлғалардың жауапкершілігі туралы баяндады.

Өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) немесе жеңілдіктер беру үшін, егер мұндай әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмауы мүмкін. Бұл жағдайда жоғарыда аталған лауазымды тұлғаларға 600 айлық есептік көрсеткіш немесе 1,8 млн теңге көлемінде айыппұл салынуы мүмкін, – деді Рүстем Тайтулеев.

Рүстем Тайтулеев тұлғада қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілерінің жоқ болса қандай жаза қолданылатынын айтты.

Егер алынған заңсыз сыйақы немесе сыйлық сомасы 2 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол бүгінде 5 834 теңгеге тең, алдын ала уағдаластық болмаса немесе сыйақыны қорқытып алмаса, онда мұндай құқық бұзушылық қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды және әкімшілік тәртіппен жазаланады, – деді ол.

Сонымен бірге Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Тергеу басқармасының басшысы Рүстем Тайтулеев қазақстандықтар заңсыз материалдық сыйақы бергені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін ескертті.

Сыйақылар, сыйлықтар немесе жеңілдіктер бергені үшін жеке тұлғалар ӘҚБтК–нің 676-бабы бойынша 200 АЕК көлемінде айыппұл төлейді, бұл шамамен 600 мың теңге, – деді спикер.

Бұл ретте, егер мұндай сыйақы немесе сыйлық заңды тұлға тарапынан берілетін болса, онда мұндай әрекет ӘҚБтК-нің 678-бабы бойынша сараланады және мұнда айыппұл 700 АЕК-ке дейін өседі, бұл 2 миллион теңгеден астам.

Мұндай құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда заңды тұлға екі есе – 1 500 АЕК немесе 4,5 миллион теңге төлейді, – деді Рүстем Тайтулеев.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру құқығына ие болды

Аталған заңға биыл 20 наурызда қол қойылып, 5 сәуірде заң күшіне енді.

Автор:
Бәрі бар
08.04.2021

Заңға сәйкес “Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы” Кодексінің 15-бабы бойынша парақорлармен күресетін қызмет жаңа құзырға ие болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке 15-бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылар туралы хаттамалар толтыру құқығы берілді. Сонымен бірге кәсіпкерлік саласындағы 2 құрам, мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын және әкімшілік-құқықтық іс жүргізу кезіндегі бұзушылықтарға байланысты 7 құқық бұзушылық туралы баптар, – деді Алматы қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі тергеу басқармасының бөлім басшысы Марат Мұхамеджанов.

Жемқорлықпен қоғамдық негізде күрес жүргізіп жатқан белсенділердің айтуынша, күшіне еңген заң мемлекеттік агенттікпен бірлесе қызмет атқаруда сеп болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс істеп жүрген қоғамдық негізде біз сияқты азаматтарға үлкен көмек болады. Агенттікпен тікелей байланыста жүрген қоғам белсенділеріне де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, жүргізіп отырған жұмыстарына тың серпін беретін жаңалық деп айта аламын, – деді “Саналы ұрпақ” республикалық жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Токушев.

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысы өтті

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен қалалық құрылымдардың, квазимемлекеттік сектор, жобалық кеңселер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерінің, сонымен бірге қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның отырысы өтті.

Автор:
Бәрі бар
16.04.2021

Алқалы басқосуда жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мәселелері, сонымен бірге “Алматы – Адалдық алаңы” жобалық кеңсесі қызметінің нәтижесі қаралды.

Жалпы іс-шараға қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны жоюға бағытталған заманауи сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық саясатты қалыптастыру жолындағы маңызды басымдықтарды атап өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің парасаттылық департаментінің директоры Ғанижан Асанұлы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін одан әрі жою мақсатында нормативтік-құқықтық база мен ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтің ерекшеліктерін зерделеу арқылы әкімдікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу деңгейін арттыру қажеттігін атап өтті.

Әкімнің орынбасары, “Алматы – адалдық алаңы” жобалық кеңсесінің кураторы Ержан Бабақұмаров жоба кеңсесі “Адалдық алаңы”, “Адал көмек” және ақпараттық білім беру штабы” жобалары аясында қоғам өкілдері мен белсенді қайраткерлерді тарта отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қоғамдағы адалдық идеологиясын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар, жиында әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін менеджерлердің жауапкершілігін арттыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық жаңалықтар түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мақсатты және дәйекті саяси модернизацияға сәйкес халықаралық стандарттарды ескере отырып дамып жатыр.

Жиын соңында Бақытжан Сағынтаев қалада сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды одан әрі күшейту, дамушы еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес әкімшілік рәсімдерді реттеуді жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі басымдықтары талқыланды

Алматыда халықаралық сарапшылар онлайн басқосуға қатысып, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, сараптама – парақорлықтың алдын алудың тиімді құралы" тақырыбының төңірегінде әңгіме өрбітті.

Автор:
Бәрі бар
17.04.2021

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, сонымен бірге Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоғамдық қорының мұрындық болуымен өткен жиында, халықаралық тәжірбие зерделеніп, еліміздегі жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының негізгі басымдықтары талқыланды.

Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді механизмдерінің бірі қабылданатын нормативтік актілердің жобларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу. Ол дегеніміз нормативтік құқықтық актілері. Оның ішінде заңдар, жарлықтар қабылданғанға дейін оның мәтінін де сыбайлас

жемқорлыққа жол ашатын нормаларды анықтау, – деді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігі парасаттылық департаментнің директоры Ғалижан Асанұлы.

Алматының мәслихат депутаттары жемқорлық жөніндегі кеңестің құрамына кірді

Алматының мәслихат депутаттары Nur Otan партиясындағы Алматы филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің жаңа құрамына кірді.

Автор:
Бәрі бар
26.04.2021

Бұл туралы Зауреш Өмірбаеваның төрағалығымен өткен Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында белгілі болды.

Отырыста жаңа құрам ұсынылып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары қаралды. Қатысушылар құрамы 46%-ке жаңартылды, комиссияда 6 жаңа мүше қосылды. Аталған құрамға қалалық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және басқалар кірді.

Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрайымы болып Алматы қаласы мәслихатының депутаты Зауреш Өмірбаева тағайындалды.

Біздің алдымызда үлкен міндеттер тұр, атап айтқанда, кеңес жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, алдын алуға және жол бермеуге бағытталған жаңа форматқа назар аудару. Сондай-ақ, өзекті бағыттар қатарында “халық үніне құлақ асатын мемлекет” тұжырымдамасы шеңберінде мемлекеттік органдардың азаматтардың өтініштерімен жұмыс сапасы, бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігіне мониторинг жүргізу және 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламаларды іске асыру мәселелері бар. Біз аймақ тұрғындарын сайлауалды бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыстардың қалай жүргізіліп жатқаны туралы барынша ашық хабардар етіп, ол үшін коммуникацияның барлық мүмкін тәсілдері мен жаңа құралдарды пайдаланатын боламыз, – деді депутат Өмірбаева.

Алматының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтады

Департамент басшылығы мен ұжымы ардагерлерді Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

Карантин режимінің барлық талабын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ұжымы Отан соғысына қатысушыларға барып қайтты.

Құрметті ардагерлер! Сіздер қиян-кескі шайқастарда ерлікпен шайқастыңыздар, сіздер соғыс жылдарындағы барлық қиыншылыққа батылдықпен төтеп бердіңіздер, біздің бейбітшілік пен келісімде өмір сүргенімізді қаладыңыздар. Жеңіс үшін, Отанға

деген шексіз сүйіспеншілігіңіз үшін рақмет, – деді Алматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Нығмеджан Сапаров.

Ардагер Зұлхарнай Сейілов ұмытпай, қолдау көрсететіні үшін алғыс айтты.

Бізді ұмытпай, қолдау көрсеткендеріңіз үшін үлкен рақмет! Біз бейбітшілік сүйгіш және тыныш елде өмір сүріп жатқанымыз қуантады. Алдағы уақытта да бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге жазсын, – деді Зұлхарнай Сейілов.

Алматыда теміржолдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тексерілді

Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті көліктік бақылау инспекциясының мамандарымен бірлесіп "Адал жол" жобасы шеңберінде теміржол тасымалдарын жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында мониторинг жүргізді.

Бұл туралы Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

“Алматы-адалдық алаңы” жобалық кеңсесінің жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде теміржол жолаушылар және жүк тасымалдарының тиісті жұмыс істеуін, халықтың теміржол жолаушылар және жүк көліктерінде көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге және жүйелі түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға, сондай-ақ ұлттық тасымалдаушы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, теміржол тасымалы саласында көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша азаматтардың шағымдары жиілеп кеткендіктен, жұмыс тобы төсек-орын жабдықтарының жай-күйін, гигиеналық құралдардың болуын, санитарлық нормалардың сақталуын, вагондардың техникалық жай-күйін зерттейді.

Іс – шара барысында Петропавл-Алматы №016 т поездың техникалық жағдайы қаралды. Техникалық сипаттағы 15 бұзушылық анықталып, 3 әкімшілік хаттама толтырылды.

Мониторинг қорытындысы бойынша анықталған проблемаларды тез арада жою бойынша ұсыныстар берілді.

Айта кетейік, “Алматы — Адалдық Алаңы” жобасының мақсаты — тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және халыққа қолайлы жағдай жасау.

Алматыда “Сапалы жол – Адалдық алаңы” жұмысының қорытындысы шықты

Алматының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі "Сапалы жол-Адалдық алаңы" жобасының 1-тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша брифинг өткізді.

Брифингіге “Жол активтері сапасының ұлттық орталығы” РМК Алматы филиалының директоры Мәулен Әліпов, Алматының мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Абжахан және Алматының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің алдын алу және парасаттылық басқармасының басшысы Елнар Игіліков қатысты.

Бүгінде “Сапалы жол” жобасының мақсаты – автожол құрылысының барлық саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жүйесі.

Жобалық кеңсенің тұжырымдамасы азаматтық қоғамның және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндетті қатысуымен жолдарды салу және реконструкциялау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасын сараптау кезеңінде жария және ашық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Брифингі барысында спикерлер ағымдағы кезеңде жобалық кеңсе аясында 7 рет шығу барысында, 12 ескерту анықталғанын, оның 9-ы жойылғанын атап өтті.

Сондай-ақ, аталған барлық бұзушылықты жою бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен бірге жосықсыз мердігер ұйымдар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен бірге жыл басынан бері “Сапалы жол” жобасы аясында “Жолдағы қабылдау” ақпараттық-түсіндіру акциясы белсенді жүргізіліп жатыр. Оның мақсаты – жүк автокөліктерінің жүргізушілеріне көктемгі су тасқыны кезеңінде автокөлік құралдарының салмақ параметрлері бойынша енгізілген уақытша шектеулер туралы түсіндіру.

Тәжірибе көрсеткендей, “Жолдағы қабылдау” акциясы халық үшін өте ыңғайлы.

Биыл ұзындығы 196,5 шақырым 200 көшенің жол жабынына орташа жөндеу жүргізу жоспарланды, қазіргі уақытта 25 көшеде жолдарды орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жол жөндеу жұмыстарына қатысты туындаған сұрақтар бойынша тұрғындар 8 (707) 160-87-51 немесе 8 (727) 272-02-99 нөмірлері бойынша хабарласа алады,- деді Алматы мобильділік басқармасының өкілі.

Брифингі қорытындысы бойынша Алматының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің алдын алу және парасаттылық басқармасының басшысы Елнар Игіліков автожол құрылысы саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы қайда хабарласуға болатынын айтты.

Егер сізге автожол құрылысы саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы белгілі болса, сіз «Сапалы Жол» жобалық кеңсесіне 278-73-90 нөмірі бойынша немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 call-орталығына хабарласа аласыз, – деді ол.

Алматыда емхана қызметкерлеріне профилактикалық кеңес берілді

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы аясында Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қызметкерлері "Алматы-адалдық алаңы" жобалық кеңсесі және ақпараттық – ағартушылық штаб өкілдерімен бірлесіп, 1424 Call-орталығы бойынша өтініштерді көшпелі қарауды ұйымдастырды.

Бұл туралы Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Келіп түскен анонимді өтінішке сәйкес №28 қалалық емхананың әкімшілігі медициналық қызметкерлерден аудандық санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларының тексеру барысында бұрын жазып берілген айыппұлды төлеу үшін ақшалай қаражат жинады.

Мониторинг барысында емхана қызметкерлері үшін профилактикалық кеңес және анонимді сауалнама жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа тап болған азаматтар Департаментке немесе “1424” Call-орталығына хабарласа алады.

Алматыда “Құқықтық диалогтар” жобасы басталды

Алматы Адалдық Алаңы, "Ізгілік елшісі" еріктілер қозғалысы, Сорбонна-Қазақстан институтымен және Нұрсұлтан Назарбаев қорымен бірлесіп "Құқықтық диалогтар" жобасын бастады.

Бұл туралы Алматы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

19 мамырда жылы Қазақстандық қылмыстық құқықтың негізін қалаушыларға арналған құқықтық диалогтардың бірінші дөңгелек үстелі өткізілді.

Спикерлер елімізде құқықтық ғылымның іргетасын қалаған, құқықтану саласында кадрлар даярлаған, қылмыстық құқық саласында ғылыми еңбектер шығарған Қазақстанның көрнекті заңгерлерін еске алды. Кездесуге қатысушылардың пікірінше, елдегі заң ғылымының негізін қалаушылардың кәсіби және қоғамдық қызметін ғылыми тұрғыдан түсіну тұрақты негізде өтуі керек және тек қалыптасқан заңгерлердің ғана емес, сонымен бірге адам құқықтарын қорғауды мұрат тұтқан мамандардың да ерекше назарын талап етеді.

Келесі құқықтық диалогтарға арналған өзекті тақырыптарды “Құқықтық диалогтар” жобасының үйлестірушісі, “Алматы Адалдық Алаңы” жобалық кеңсесінің жетекшісі Айнұр Сәбитоваға (sabitova.adaldyk-alany@mail.ru) жіберуге болады.

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес мәселелері талқыланды

Алматыда Республикалық Достық үйінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен кеңес өтті.

Аталған іс-шараны Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы бойынша департаменті бірлесіп ұйымдастырды.

Аталған іс – шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Adaldyq alany жобалық кеңсесінің басшысы – министрдің штаттан тыс кеңесшісі Тимур Жұмырбаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Вакиль Набиев, Алматы мәслихатының депутаттары, қоғамдық пікір көшбасшылары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Іс-шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың жаңа тәсілдерін, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Adaldyq alany жобалық кеңсесінің қызметіне ҮЕҰ қатысу форматтарын талқылау мақсатында өткізілді.

Отырыс барысында ҮЕҰ-ның бейресми пікір алмасуы және актикоррупциялық тақырыптың өзекті мәселелерін талқылау болды. Қатысушылар осы бағытты дамытуға бағытталған жаңа жобалар мен идеялар туралы айтып берді.